

Бекітілді
№ 17 бөбекжай-бақша директоры
М.А.Кунасова
№ 1 педагогикалық жетекшісі 31.08.2021 ж.



**Ата-ана, тәрбиеленушілер, педагогикалық ұжыммен
психологиялық бағытта жүргізілген педагог-психологтың
2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары.**

Кіріспе

Атырау қаласы МКҚК №17 бөбекжай - бақшасы мына мекен-жайда орналасқан: Қаныш Сәтбаев көшесі, 12 «а». Тел.27-42-63, 27-60-11.

Тізім бойынша бала саны - 171

Жас ерекшеліктеріне қарай 6 топ бар:

- Кіші қазақ тобы-1
- Ортаңғы орыс тобы-1
- Ересек қазақ тобы-1
- Ересек орыс тобы-1
- Мектепалды даярлық қазақ тобы-1
- Мектепалды даярлық орыс тобы-1

Биылғы оқу жылында бөбекжай - бақшадағы оқу-тәрбие іс-әрекеті екі тілде – мемлекеттік және орыс тілдерінде, мемлекеттік құжат «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын» (Астана-2018ж.) негізге ала отырып, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығы) бойынша жүзеге асырылады.

№ 17 бөбекжай - бақшасы 18 педагог-мамандармен қамтамасыз етілген. Онда:

- Жоғары педагогикалық біліммен –11

Соның ішінде: ● Жоғары мектепке дейінгі біліммен – 9

- Арнайы орта біліммен - 7 ● Арнайы орта мектепке дейінгі біліммен - 5

Санаты бойынша

- жоғары біліктілік санатты – 2 (11%)
- бірінші біліктілік санатты – 2 (11%)
- екінші біліктілік санатты – 6 (34%)
- санаты жоқ – 8 (44%)

Мақсаты: Балалардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған психологиялық қолдауды жүзеге асыру, диагностикалық, тікелей оқу-консультациялық және тәрбиелік іс-шаралар арқылы мектепке дейінгі білім беру ұйымында толық және үйлесімді дамуын қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Дайындық топтарының балаларына мектепке психологиялық дайындығын диагностикалау арқылы психологиялық қолдау көрсету, оқуға дайындық деңгейі төмен балалармен тікелей тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен және мұғалімдермен консультативтік-тәрбие жұмыстарын жүргізу.
2. Бейімделу кезеңінде кіші топ балаларына және жаңадан қабылданған балаларға қажетті психологиялық көмек көрсету.
3. Қажетті түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу мақсатында балаларының психикалық даму деңгейін зерттеу.
4. Мүмкін болатын проблемаларды анықтауға және шешуге бағытталған диагностикалық және дамыту жұмыстарын жүргізу арқылы педагогтар мен ата-аналардың өтініші бойынша орта және үлкен топтағы балаларды психологиялық қолдауды қамтамасыз ету.
5. Жеке және топтық дамыту жұмыстары арқылы қажетті көмек көрсету мақсатында «тәуекел тобының» балаларын анықтау.
6. Оқыту-кеңес жұмыстары арқылы педагогтар мен ата-аналардың бала тәрбиесі мен білім берудегі құзыреттілігін арттыруға ықпал ету.
7. Өзінің кәсіби деңгейін көтеру.

2021-2022оқу жылының міндеттемелері

	Міндеттемелердің мазмұны	Мақсаттарға жету нәтижелері
1.	«Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі және балабақша мен отбасы арасындағы қарым-қатынасты жетілдіру» "Роль семьи в воспитании детей и совершенствование взаимоотношений детского сада и семьи»	Баланы еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету, адамдармен тіл табысып, дұрыс қарым қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету, әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеуде балабақшамен отбасының қарым-қатынасын нығайту. Атааналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу; Ата-аналарды балабақшада өтілетін барлық іс-шараларға қызығушылықпен қатысуға талпындыру.
2	Көркем әдебиет арқылы балалардың коммуникативті дағдыларын жетілдіру жұмыстарын нығайту. Активизировать работу по совершенствованию коммуникативных навыков через художественную литературу.	«Қатынас» білім беру саласы бойынша баланың жеке коммуникативтік білімін жетілдіру; оның білуге құмарлығына, талаптылыққа, өз бетімен жаңа әсерлерді ізденуге талпындыру. Педагогтар балаларды дамытуда жан-жақты іздену, әр түрлі іс-әрекеттерді қызықты ұйымдастырып, жаңаша әдістер мен тәсілдерді қолданып, бала тілін дамытуда көркем әдебиет шығармаларымен таныстыруды жалғастыру.

Жұмыс мазмұны	Мақсаты	Мерзімі
I. Балалармен жүргізілетін жұмыс		
<i>1. Психологиялық диагностика</i>		
1. Бөбекжай-бақшаға жаңадан келген балаларды	Балалардың жеке ерекшеліктерін, олардың бейімделу	Қыркүйек–қазан

бақылау	мүмкіндіктерін, құрдастарымен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу ерекшеліктерін зерттеу	
2.Дайындық топтарының балаларының топтық диагностикасы Н.Н. Павлова, Л.Г. Руденконың экспресс диагностикасы бойынша (5-6 жас)	Мектепте оқуға табысты бейімделу үшін негізгі психикалық процестердің қалыптасу деңгейін анықтау	Қазан (бастапқы), Сәуір-мамыр (қорытынды)
3. Ортаңғы топтар бойынша балаларының психикалық дамуының жеке диагностикасы Н.Н. Павлова мен Л.Г. Руденконың экспресс диагностикасы бойынша	Балалардың психикалық процестерінің даму деңгейін, оның жас нормаларына сәйкестігін зерттеу; балалардың тұлғалық, мінез-құлық және интеллектуалдық ерекшеліктерін зерттеу	Қараша (бастапқы), Наурыз (қорытынды)
4.Психологиялық қолдау топтарын құру мақсатында «тәуекел тобының» балаларын психологиялық тексеру	Қажетті түзету-дамыту жұмыстарын жүргізу үшін балалардың барлық психикалық процестерінің даму деңгейін, эмоционалдық-еріктік сферасының ерекшеліктерін анықтау.	Қараша
5. Жеке және топтық аралық диагностикалық кесінділер	Даму динамикасын қадағалау және даму бағдарламаларын түзету	Қаңтар–ақпан
6. Ата-аналар мен тәрбиешілердің сұранысы бойынша ересек және орта топтардың балаларын психодиагностикалық тексеру	Баланың үйлесімді психикалық дамуын қамтамасыз ету үшін психологиялық проблемаларды анықтау және оларды жеңу жолдарын анықтау	Оқужылыяағымында а
<i>2. Дамыту және сүйемелдеу жұмыстары</i>		
1.Мектепке дейінгі мекемеге жаңадан келген балаларды бейімдеу процесіне психологиялық сүйемелдеу	Мазасыздық деңгейін төмендету, ыңғайлы жағдай жасау, әлеуметтік қарым-қатынасты қалыптастыру, қауіпсіздіктің негізгі сөзімін бәсеңдету.	Қыркүйек–қазан
2."Мектепке психологиялық дайындық" мектепалды дайындық топтарының балаларымен	Балалардың мектепте оқуға психологиялық дайындық деңгейін арттыру, анықталған проблемаларды шешу,	Ноябрь – апрель

жеке және топтық дамыту сабақтары	танымдық процестерді дамыту	
3. Диагностика нәтижелері бойынша ересек топтағы балалардың жеке дамыту сабақтары	Танымдық процестердің даму деңгейін арттыру	Желтоқсан-наурыз
4. "Тәуекел тобындағы" балалармен жеке және топтық дамыту сабақтары	Мектеп жасына дейінгі балалардың психикалық процестері мен эмоционалды – еріктік саласын дамыту	Қараша
5. Орта және үлкен топтардың балаларымен алдын-ала диагностика нәтижелері бойынша ата-аналар мен тәрбиешілердің өтініші бойынша жеке жұмыстар	Әр-түрлі жастағы балалардың эмоционалды, тұлғалық және танымдық салаларын түзету	Сұраныс бойынша жыл бойы
II. Ата-аналармен жұмыс		
1. Психологиялық диагностика		
1. Ата-аналарға сауалнама "Баланың мектепке дейінгі мекемеге шартты бейімделу деңгейін анықтау" "Сіздің балаңыз-болашақ бірінші сынып оқушысы"	Баланың мектепке дейінгі білімге бейімделу дәрежесін кешенді бағалау. Баланың мектепте оқуды бастауға психологиялық дайындығын кешенді бағалау. Кеңес беру тақырыптарын таңдауда, балалармен жұмыс жасауда ата-аналардың ойларын зерттеу	Қазаннан бастап жыл бойы
2. Жеке консультациялардағы ата-аналардың диагностикасы	Ата-ананың балаға қатынасты, тәрбиелеу стилі, ата-ананың жеке ерекшеліктерін анықтау. Ата-анамен бала қарым-қатынасын зерттеу	Сұраныс бойынша. Жыл бойында.
2. Психологиялық ағарту және алдын-алу		
1. Ата-аналар жиналыстарында сөз сөйлеу: * "Балаларды балабақша жағдайына бейімдеу", "3 жастағы дағдарыс" (кіші топтар) * "Балалардың мектепте оқуға психологиялық дайындығы" (дайындық топтары)	Ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігінің, психологиялық мәдениетінің деңгейін арттыру	Сұраныс бойынша. Жыл бойында.

"4-5 жастағы балалардың жас ерекшеліктері", "5-6 жастағы балалардың жас ерекшеліктері" (орта және жоғары топтар)		
2. Барлық жас топтарын дақабырға ақпаратты, жылжымалы папкаларды, ақпараттық буклеттерді рәсімдеу	Ата-аналарды балалардың жас және жеке ерекшеліктерімен таныстыру, ата-аналардың психологиялық сауаттылығын арттыру	Жыл бойы айына 1 рет
3. Психологиялық кеңес беру		
1. Диагностика нәтижелері бойынша ата-аналармен топтық және жеке консультациялар: * балаларды балабақша жағдайларына бейімдеу (кіші топтар); * балалардың мектепте оқуға дайындығы (дайындық топтары); * ересек топ балаларының танымдық дамуы; әр түрлі жастағы балалар дамуының ағымдағы диагностикасы	Ата-аналарды балалардың даму ерекшеліктері туралы хабардар ету. Дамудың немесе мінез-құлықтың өзгеру себептерін анықтау. Баламен жұмыс істеудің жалпы стратегиясын әзірлеу	Қазан-мамыр
2. Сұраныс бойынша жеке кеңес беру	Балаларды дамыту, балалар мен ересектер арасындағы қарым-қатынас мәселелерінде ата-аналардың құзыреттілігін арттыру. Туындаған проблемалық жағдайларды бірлесіп талқылау.	Сұраныс бойынша жыл бойы.
III. Педагогтармен жұмыс		
1. Психологиялық диагностика		
Сұраныстар бойынша жеке консультация. педагог қызметкерлердің жеке тұлғасына психодиагностика	Білім беру процесіне қатысатын педагогтердің жеке ерекшеліктерін зерттеу	Жыл бойы
2. Психологиялық ағарту және алдын-алу		
1. Балабақша мамандарымен және тәрбиешілермен тақырыптық топтық	Педагогтердің балалармен және олардың ата-аналарымен тиімді өзара іс-қимыл жасау дағдыларын	Жыл бойы

консультациялар, семинар өткізу	қалыптастыру, педагогтердің психологиялық құзыреттілігін арттыру	
2.Балалармен жұмыс бойынша практикалық материалдарды әзірлеу	Тақырып диагноздың, сауалнаманың нәтижелерімен, анықталған проблемалармен, ата-аналардың сұрауларымен және т. б. анықталады.	Жыл бойы
3. Барлық жас топтарында стендтік ақпаратты, жылжымалы папкаларды, ақпараттық буклеттер дiресiмдеу	Педагогтарды балалардың жас және жеке ерекшелiктерiмен таныстыру, психологиялық құзыреттiлiктi арттыру.	Жыл бойы айына 1-рет
4.Дайындық топтары балаларының мектепте оқуға дайындығын диагностикалау қорытындысы бойынша педагогикалық кеңесте сөз сөйлеу	Педагогтерге диагностика нәтижелерін ұсыну, талдау	
3. Психологиялық кеңес беру		
1. Диагностика қорытындысы бойынша педагогтармен топтық консультациялар: * балаларды балабақша жағдайларына бейімдеу (кіші топтар); * балалардың мектепте оқуға дайындығы (дайындық топтары); * ересек топ балаларының танымдық дамуы; * әр түрлі жастағы балалар дамуының ағымдағы диагностикасы	Педагогтарды диагностика нәтижелерімен таныстыру. Балаларды мектепке дайындау бойынша бірлескен жұмысты және мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды, тұлғалық және танымдық салаларының проблемалық аймақтарын түзету бойынша жұмыс бағыттарын талқылау	Қазан-мамыр
2. Сұранысбойыншажекекеңес беру	Туындаған проблемалық жағдайларды бірлесіп талқылау және шешу жолдарын іздеу	Жыл бойы
IV. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс, өз білімін жетілдіру		
1. Қала психологтарының әдістемелік бірлестігінің жұмыстарына қатысу	Кәсіби құзыреттілік деңгейін арттыру	Жыл бойы
3. Диагностика үшін бланкілерді дайындау және нәтижелерді өңдеу;	Психологиялық жұмысты оңтайландыру, аналитикалық қызмет	Жыл бойы

<p>психологиялық қорытындылар жазу; бейімдеу парақтарын өңдеу және талдау; ағымдағы құжаттаманы толтыру; ата-аналар мен педагогтарға ұсынымдар дайындау.</p>		
<p>4. Әдістемелік құралдарды, сабақтарға арналған дидактикалық материалдарды ресімдеу; стендтік ақпарат үшін көрнекі материалдарды дайындау; ақпараттық буклеттерді әзірлеу.</p>	<p>Жұмыста қолданылатын әдістемелік жабдықтарды байыту</p>	<p>Жыл бойы</p>